

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Қоғамның өркендеп даму барысында болып жатқан өзгерістерге байланысты мемлекетіміздің білім беру стратегиясының мақсаты-жүйеленіп, дайын берген білімді, дағдыларды меңгеріп, қайталайтын емес, өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, өзін-өзі басқара алатын, өз-өзіне баға бере алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі тұлға тәрбиелеу болып айқындалған.

Елімізде жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде мектептердің басшылыққа алатын білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, оқулықтар, оқыту технологиялары мен әдістеріне бағалауға қатысты білім беру саласындағы өзекті мәселелер бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруды көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қамтамасыз ететін өзінің ойын дәлелдей білетін, берілген дескриптор бойынша өзін өзі және сыныптастарын бағалай алатын дағдыларды дамытуды іске асырумен қатар ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Бастауыш білім беру бағдарламасының мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Бағалау үрдісін қайта қарастырудың өзектілігі осы күні білімдегі заманауи стратегиялық міндеттермен, білім сапасына қойылатын халықаралық стандарттарды және заман талаптарын ескеріп, білім сапасының деңгейін арттыру қажеттілігімен, білім беру нәтижелерінің объективтілігін және қазақстандық білім алушылардың ел сыртындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен, білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағасына және оны бағалауға бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттілігімен анықталуда.

Қазіргі қоғам сұранысынан туындап отырған бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастыру жүйесі теориялық тұрғыда зерттелуі мен білім мазмұнының жаңартылуына сәйкес оларды меңгеру мәселесі және бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастырудың практикалық тұрғыдан қажеттігі мен әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардың нәтижесінде халықаралық бағалау жүйесінің өзектілігі айқындалады. Осы мақсатта ғылыми жұмыстың бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесінің көтерілуі зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Докторант өз зерттеуінде педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың теориялық және әдіснамалық аспектілерін зерттеген М.Қоянбаев, Т.С.Сабыров, Б.А.Абдыкаримов, А.С.Амирова, Б.А.Тұрғынбаева, Н.Н.Хан, P.Black, D.William, L.Shepard, B.Bloom, D.Wood, C.Stone, J.Brunner жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың іргелі мәселелерін зерттеген Ресейлік ғалымдар Л.И. Божович, Л.С. Выготский, А.Б. Захарова, И.С. Кон, В.С. Мухина, И.И. Чеснокова сонымен қатар, Қазақстанда білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тұжырымдары О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденова, А.Т.Айтпукешев, Г.М.Кусаинов, К.М.Сагинов, Л.Г.Колесова және тағы басқа ғалымдардың еңбектеріне талдаулар жасаған.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады:

*біріншіден*, педагогикалық, психологиялық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «бағалау» ұғымы «критериалды бағалау», «жиынтық бағалау», «қалыптастыру бағалау» және «дербес бағалау» ұғымдарын нақтылаған;

*екіншіден*, бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық тұрғыда негіздеген; білім беру үдерісіндегі оқу іс-әрекетінің нәтижелерін критериалды жүйе негізінде дербес бағалаудың мәні мен сипаттамасы берілген;

*үшіншіден*, зерттеу барысында теориялық тұрғыда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған;

*төртіншіден*, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы кезеңін айыққндайтын диагностикасы жүргізіліп, нәтижесінде «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» тақырыбындағы мұғалімдерге арналған арнайы курс бағдарламасынан, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастауыш сыныптарда дүниетану пәнінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты жинағынан тұратын әдістемелік кешенді тәжірибеге енгізуімен іске асырылған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

«Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру» диссертациялық жұмыс зерттеудің ғылыми теориялық-әдіснамалық негіздерімен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен әдістемені, арнайы курсты тәжірибеге енгізумен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысында үш тарау мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны, олардың құрылымдық және мазмұндық біртұтастығы сақталған.

Докторант бірінші тарауында бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық мәселесінің зерттелу жайына шолу жасаған.

Екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру өлшемдері мен көрсеткіштерін жүйелеп, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделі заманауи педагогикалық талаптар мен жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнына лайықталып дайындаған.

Үшінші тарауы эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың барысы, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесі мен эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың нәтижесіне арналған.

Автордың алынған нәтижелерін негіздеуіндегі тұғырлары бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы кезеңін айыққандайтын диагностикасы жүргізіліп, нәтижесінде «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» тақырыбындағы мұғалімдерге арналған арнайы курс бағдарламасынан, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастауыш сыныптарда дүниетану пәнінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты жинағының жасалуы зерттеу жұмысының практикалық мәнділігін арттыра түседі.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың сапасын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайды. бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізі мен әдістемелік аспектісі анықталған, яғни бастауыш сынып оқушыларын бағалау мен критериалды бағалаудың теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын дамыту негізінде оқушылардың бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру әдістемесі жасалып, тәжірибелік тұрғыдан тексерілген, жоғары нәтижеге жеткен.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында Р.Измагамбетованың тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденімпаздығы байқалады. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге мол талдау жасалған.

Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаның «6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» - мамандығы бойынша PhD философия докторы

дәрежесін алу үшін дайындалған «бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру» атты зерттеу жұмысын жаңалығы мол, аяқталған, дербес ғылыми зерттеуге ие еңбек деп есептеймін.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық құндылығын атап өте отырып, философия докторы (PhD) дәрежесінің берілуі үшін Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаның «бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы жұмысын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша құрылған Диссертациялық Кеңесінде қорғауға ұсынамын.

**Отандық ғылыми кеңесші:**  
**Абай атындағы ҚазҰПУ**  
**п.ғ.д., профессор**



**А.С.Амирова**